

Кітапханашылар мәртебесі көтеріледі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Жолдау барысында бүкіл әлем жұртын алаңдатып отырған пандемияның зардабын және оны жоюдың жолдары туралы баса айтып өтті. Сондай-ақ, Жолдауда барлық саланың білім, тіл, мәдениет, экономика және де әлеуметтік мәселелерді дамытудың ұлттық жоспарына арнады.

Жолдауда көтерілген мәселелердің мәдениет саласы, соның ішінде кітапханашылардың мәртебесін ерекше атап өткендігі кітапханашылар үшін қуанышты жағдай.

"Болашақта көш бастайтын мемлекеттердің бәсекеге қабілеті дәл осындай дағдарыстар мен бөлек күрделі өзгерістер кезінде шындалады" - деп атай отырып, Қазақстан жаңа

әлемде өзінің лайықты орнын алатыны жайында ерекше атап өтті.

Мемлекетіміздің одан әрі көркейіп, дами беруіне жағдай жасалу керектігін, бірінші кезекте 2025 жылға дейін 10 мың ІТ мамандарын даярлау жөнінде тапсырма беруі осы сала мамандарын бір серпіліп тастағаны сөзсіз.

Қазіргі кезде білім саласында күттірмес жұмыстар қолға алынуы керектігіне ерекше тоқталды. Мектептердің жетіспеушілігі әлі де күн тәртібінен алынбай отырғандығына ерекше мән беріп, 2025 жылға дейін тағы да 1000 мектеп салынып біту керектігіне тоқталды. Бұл білім саласының одан әрі жақсарып, болашақ ұрпақты тәрбиелеуге мүмкіндік берері анық.

Ботакөз Мұстафина